

Франция

Францияның екінші дүниежүзілік соғыс тан кейін.

Францияның екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы адам шығыны, алдыңғы соғыспен салыстырғанда аз болды. Дегенмен бомбылау мен оккупациялық режимнің материалдық зардаптары көп тиді. Франция бұрынғы құдіреттілігі мен ықпалынан айырылды. Ол тек өз одақтастарының көмегімен ғана қалыпқа келе алды. Тәуелсіздігі мен тұтастығын сақтағанымен, оның экономикасы құлдырады және АҚШ-тың долларлық саясатының ықпалына түсті. Француздық Үндіқытай бақылаудан шықты, Сирия мен Ливан тәуелсіздігін алды. Осындай жағдайда Франция мемлекеттің жаңа құрылымын анықтауы керек болды.

Азатық алғаннан кейінгі Франция территориясындағы өкімет билігі генерал Шарль де Голль басқаруындағы Уақытша үкімет қолына өтті. Олар демократиялық құрылысты қайта қалпына келтірді және гитлерліктермен тығыз ынтымақтастықта болған сатқындарды жауапқа тартты. 2 мыңнан аса адамға өлімге кесу үкімі шығарылды. Уақытша үкімет экономиканың бірқатар салаларын: авиация, көмір, автомобиль – национализациялады, яғни ұлт меншігіне айналдырды. 1945 жылдың қазан айында Құрылтай жиналысына сайлау өтіп, Құрылтай конституция нұсқасын дайындайды деп күтілді. Соғыстан кейінгі жылдары Францияда саяси күштердің қайта топтасуы жүрді. Француз коммунистік партиясы, Социалистік партия және католиктік Халықтық-республикалық қозғалыс ықпалды партияларға айналды. Осы партиялармен байланыста болған Шарль де Голль үкіметті қайта басқарды.

Шарль де Голль



Шарль Андре Жозеф Мари де Голль ([22 караша 1890 жыл](#), [Лилль](#), — [9 караша 1970 жыл](#), [Коломбэ-ле-Дёз-Эглиз](#), [Жоғарғы Марна](#) департаменті) — [француз](#) генералы, мемлекет қайраткері. [Екінші дүниежүзілік соғыс](#) кезінде Француз ұлт азаттық қозғалысының көсеміне айналды. [Бесінші Республиканың](#) негізін қалаушы және оның тұңғыш президенті ([1959—1969](#)).

- [Париждегі Жоғары әскери мектепті](#) бітірген. [I дүниежүзілік соғысқа](#) (1914-1918) қатысқан. [II дүниежүзілік соғыс](#) басталғанда [полковник](#) шенінде 5-[Франция армиясының танк](#) бөлімшелерін басқарды.
- 1943 жылы маусымда Голль [Алжирде](#) құрылған [Франция](#) ұлттық азат ету комитетінің тең төрағасы болып сайланды. [II дүниежүзілік соғыс](#) аяқталғаннан соң Голль [Францияда](#) президенттік басқару үлгісін орнықтыруға [күш](#) салды. Бұл жоспары қарсылыққа ұшыраған соң 1946 ж. биліктен кетіп, келесі жылы "[Франция](#) халқының бірлестігі" партиясын құрды.

1945 жылы 21 қазанда Францияда соғыстан кейінгі алғашқы сайлау жүргізілді және бір мезгілде Құрылтай жиналысы туралы мәселе бойынша референдум өткізілді. 96,4 процент сайлаушылар 1875 жылғы конституцияны жоюды және Құрылтай жиналысын шақыруды қолдап, дауыс берді. 66,3 процент сайлаушылар де Голль ұсынған өкіметтің ұйымдастыру жобасымен келісті [1.122]. Құрылтай жиналысына сайлау елде жаңа саяси ахуал туғызды. Коммунистік партия Франция тарихында тұңғыш рет парламентте бірінші орын алып, үлкен жеңіске жетті — 5 млн. дауыс, 152 депутаттық мандат алса, екінші орында социалистік партия — 4,6 млн. дауыспен 142 депутаттық мандат иеленді. МРП 4,5 млн. адамның дауысын жинап, 141 мандатқа ие болды.

Оңшыл Республикандық бостандық партиясына сайлаушылардың небәрі 6 проценті ғана дауыс берді [2.48]. Осылайша Құрылтай жиналысында коммунистер мен социалистер көпшілік орынға, 545 мандаттың 294-іне ие болды. Коммунистік партия демократиялық үкімет құруды ұсынды.

- 1946 ж. Төртінші республиканың конституциясы қабылданды. 1949 ж. Франция [НАТО-ның](#) құрамына кірсе де, 1966 ж. оның әскери құрылымынан шықты. Соғыстан кейін Ф-ның отарлық жүйесі ыдырай бастады. 1954 ж. сегіз жылдық соғыстан кейін Ф. Үндіқытайды тастап шықты. 1954 ж. 1 қарашада Алжирде ұлт-азаттық көтеріліс басталды. 1956 ж. наурызда Франция [Марокко](#) мен [Тунистің](#) тәуелсіздігін мойындауға мәжбүр болды. 1956 ж. қарашада Франция [Египетке](#) қарсы ағылшын-француз-израиль агрессиясына белсене қатысты. Осындай қиын жағдайда 1957 ж. Батыс Еуропадағы бірнеше мемлекет “Ортақ рынок” құру жөнінде шарт жасасты. Дегенмен, Алжирдегі сәтсіздіктер, Суэц арандатушылығының күйреуі, әскери шығындардың көбеюі Төртінші республиканың дағдарысына әкеп соқты. Армия мен елде реакциялық күштер бас көтерді. 1958 ж. мамырда олар Алжирде республикаға қарсы бүлік бастады. Алжирдегі француз армиясының басшылығы да бүлікшілерге қосылып, генерал Шарль де Голль бастаған “Ұлттық құтқару” үкіметін құруды талап етті. болды.

- 1 маусымда Ұлттық жиналыс Голльдің төтенше өкілеттілік жөніндегі заң жобаларын мақұлдады. 1958 ж. Бесінші республиканың конституциясы атқарушы билік құқықтарын кеңейтті. Президент Ұлттық жиналысты тарату мүмкіндігіне ие болып, референдум өткізуге, заң жобаларын ұсыну, төтенше жағдайларда бүкіл өкімет билігін өз қолына алуға құқылы болды. 1958 ж. 21 желтоқсандағы сайлаудың нәтижесінде Голль президент болып сайланды. 1958 — 60 ж. [Африкадағы](#) француз отарлары — [Гвинея](#), [Судан](#), [Сенегал](#), [Мадагаскар](#), [Дагомея](#), [Нигер](#), [Жоғарғы Вольта](#), Піл Сүйегі жағалауы, [Чад](#), [Орталық Африка Республикасы](#), [Конго](#), [Габон](#), [Мавритания](#), [Того](#) мен [Камерун](#) тәуелсіздікке ие болды. 1962 ж. ұзаққа созылған соғыстан кейін Алжир толық тәуелсіздікке қол жеткізді. 1960 — 90 ж. Франция экономикасы дамыған, демократ. қоғамы толық қалыптасқан әлемдегі жетекші елдердің біріне айналды. 1981 ж. ел президенті болып бірінші рет социалист Франсуа Миттеран сайланды. 1995 жылдан ел президенті [Жак Ширак](#) болды.

Жак Ширак

- Первый абзац из книги напиши